



Билер 4



© 2019 BY THE AUTHOR



Published by the Comic Bible Society, LLC
Copyright © 2021

Kingstone Comics maintains copyright to this comic book as provided by United States copyright law.

Print and digital copies of this version may be freely distributed without penalty under a Creative Commons license.

ИСРАИЛДІҢ БИЛЕР БАСҚАРЫП ТҮРҒАН
ЗАМАНДА БІРДЕ ЕЛДІ АШТЫҚ ЖАЙЛАДЫ.

СОНДА ЯҺУДА РУЫНЫҢ БЕТЛЕХЕМ ҚАЛАСЫНАН БІР ЕР АДАМЫ
ЕЛІМӘЛІК(МЕНІҢ ҚҰДАЙЫМ-ПАТШАМ МАҒЫНАДА) ӘЙЕЛІ МЕН
ЕКІ ҰЛЫН ЕРТІП, ИСРАИЛДЕН МОАБ ЕЛІНЕ КӨШІП КЕТТІ.

БҮЛ ШЕШІМ КҮМӘНДІ БОЛДЫ.
СЕБЕБІ МОАБ ХАЛҚЫ ЕЛІМӘЛІКТІҢ
ХАЛҚЫНА ДҮШПАН РЕТІНДЕ ҚАРАЙТЫН.
ӨЙТКЕНІ ИСРАИЛДІКТЕР МОАБТЫҚТАРДЫ
АРАЛАС ҚАНДАСТАР ДЕП САНАЙТЫН.

ЕЛІМӘЛІК ЖЕРІН ТАСТАП КЕТКЕНДЕ, ОНЫҢ ХАЛҚЫ ӨЗІН ТАСТАНДЫ БОЛЫП
СЕЗІНДІ, ОСЫҒАН ҚАРАҒАНДА ОЛ ҚАДІРЛІ КІСІ БОЛҒАН СИЯҚТЫ.

АЛ ЕҢ ЖАМАНЫ, ИСРАИЛДІКТЕР ЕЛІМӘЛІКТІҢ
ЖАРАТҚАН ИЕДЕН БАС ТАРТЫП, МОАБТЫҚТАРДЫ
ЖАЛҒАН ТӘҢІРЛЕРІНЕ СЫЙЫНЫП КЕТТІ ДЕП ОЙЛАДЫ.

ЕЛІМӘЛІКТІҢ ӘЙЕЛІНІҢ ЕСІМІ НАҒИМА (ЯҒНИ "ТӘТТІ").
ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕКІ ҰЛЫ МАХЛОН ("АУЫРШАҢ") ЖӘНЕ
ХИЛИОН("ЖҰМСАЛҒАН"), ОЛАРДЫҢ ЕСІМДЕРІН АШТЫҚ
КЕЗІНДЕ СОЛАЙ ДЕП ҚОЙҒАН.

ЕЛІМӘЛІК МОАБТА БІРАЗ УАҚЫТ
ТҮРЫП ЖАТТЫ. КЕЙІН СОЛ ЕЛДЕ
ҚАЙТЫС БОЛДЫ.

ОНЫҢ ӘЙЕЛІ НАҒИМА ЕКІ БАЛАСЫН
ӨЗІ БАҒУҒА МӘЖБҮР ҚАЛДЫ.

ОНЫҢ ҰЛДАРЫ ДА ӨЗІ СИЯҚТЫ ӨЗ ЕЛІНЕ АДАЛ БОЛМАЙ
МОАБТЫҚ ҚЫЗДАРҒА ҮЙЛЕНДІ. ХИЛИОН ӨЗІНЕ ОРФА
ЕСІМДІ, АЛ МАХЛОН ӨЗІНЕ РУТ ЕСІМДІ ҚЫЗДАРДЫ АЛДЫ.

БҮЛ ҚЫЗ БӘРІНЕН ДЕ ӘДЕМІ БОЛМАСА
ДА, ӨЗІМШІЛ БОЛҒАН ЕМЕС.

АЛАЙДА ОЛ МАХЛОНҒА БАЛА
ТУЫП БЕРМЕДІ.



НАҒИМАНЫҢ ЕКІ ҰЛЫ ДА МАХЛОН МЕН ХИЛИОН ҚАЙТЫС БОЛДЫ. СОЛ ЗАМАҢДАРДА ӘЙЕЛДЕРДІҢ БЕДЕЛІ ЖОҚ БОЛҒАН СОҢ, ЖЕСІР ӘЙЕЛДЕРГЕ БҮЛ ЖАҒДАЙ ТЫМ АУЫР БОЛДЫ.



СОНДЫҚТАН...



НАҒИМА АНА, СІЗ НЕГЕ КИІМДЕРДІ ЖИНАП ЖАТЫРСЫЗ?

БІЗ ҚАЙДА БАРА ЖАТЫРМЫЗ?

ЯНУДАҒА ОРАЛАМЫН! ЖАРАТҚАН ИЕ ИСРАИЛДІ ЖАРЫЛҚАП, ЕЛДЕ АСТЫТҚЫҢ БІТІК ШЫҚҚАНЫ ТУРАЛЫ ЕСТІДІМ. ЕНДІ ОСЫ ЖЕРДЕ МЕНІ ЕШ НӘРСЕ УСТАП ТҮРҒАН ЖОҚ.



НАҒИМА ЖОЛДА КЕТПІП БАРА ЖАТҚАНДА ОҒАН БІР ОЙ КЕЛДІ...

ҚАРАҚТАРЫМ, МЕНІҢ ӨЗІМЕ, МАРҚҰМ ҰЛДАРЫМА АДАЛ ДА МЕЙІРІМДІ БОЛЫП КЕЛДІҢДЕР.

... АЛ ЕНДІ, СЕНДЕР ӘКЕ-ШЕШЕЛЕРІҢНІҢ ҮЙЛЕРІНЕ ҚАЙТЫҢДАР.

ЛАЙЫМ СЕНДЕРГЕ СОЛ ҮШІН ЖАРАТҚАН ИЕ РАҚЫМЫН ТҮСІРЕ КӨРСІН, ОЛ СЕНДЕРГЕ ЖАҚСЫ КҮЙЕУ МЕН ЖАЙЛЫ БАСПАНА СЫЙЛАЙ КӨРСІН!



СЕНДЕР КЕТПЕЙ ТҮРҒАНДА БЕТТЕРІҢДІ СҮЙІП АЛАЙЫН.

ЖОҚ! ЖОҚ!



СІЗБЕН БІРГЕ БІЗ ҚАЛҒЫМЫЗ КЕЛЕДІ!!

БІЗ ДЕ ЕЛ-ЖҰРТЫҢЫЗҒА БАРАЙЫҚШЫ!!



ҚЫЗДАРЫМ,
ҮЙЛЕРІҢЕ
ҚАЙТСАҢДАРШЫ!
МАҒАН НЕСІНЕ
ЕРЕСІҢДЕР?

СЕНДЕРГЕ ҮЙЛЕНЕ
АЛАТЫН БАСҚА ҰЛДАРЫМ
ЖОҚ ҚОЙ!ӨЗІМ ЕНДІ
КҮЙЕҮГЕ ШЫҒЫП, БАЛА
ТУУҒА КӨРІМІН.



ТІПТЕН БҮГІН КҮЙЕҮГЕ
ШЫҒЫП, ҰЛДЫ БОЛАТЫН
БОЛСАМ ДА, ОЛАР ЕР
ЖЕТКЕНШЕ КҮТЕ АЛАР
МА ЕДІҢДЕР?

ЖОҚ, ҚЫЗДАРЫМ,
ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ МАҒАН
ЖІБЕРГЕН ҚАЙҒЫСЫН
БІРГЕ БӨЛІСІҢДЕР ДЕП
СЕНДЕРДІ УСТАУЫМ
ДҮРЫС БОЛМАС!



СОҢЫНДА ОРПА ЕНЕСІНІҢ
БЕТІНЕН СҮЙІП ҚОШТАСТЫ, АЛ
РУТ ОДАН АЙЫРЫЛМАЙ
ҚАЛЫП ҚОЙДЫ.

АБЫСЫНЫҢ
ЕЛ-ЖҰРТЫНА ҚАЙТА
ОРАЛДЫ. РУТ, СЕН ДЕ
ОНЫҢ ІЗІМЕН КЕРІ
ҚАЙТСАҢШЫ.

ЖОҚ!



СІЗДІ ТАСТАП,
ҚАЙТА ОРАЛУҒА
МЕНІ ҚИНАМАЙ
КӨРМЕҢІЗ...

СІЗ ҚАЙДА
БАРСАҢЫЗ, МЕН ДЕ
СОНДА БАРАМЫН...

ҚАЙДА ТҮРСАҢЫЗ,
МЕН ДЕ СОНДА
ТҮРАМЫН...



СІЗДІҢ ХАЛҚЫҢЫЗ
МЕНІҢ ХАЛҚЫМ,
СІЗДІҢ ҚҰДАЙЫҢЫЗ
МЕНІҢ ҚҰДАЙЫМ
БОЛАДЫ!!



ҚАЙДА ӨЛСЕҢІЗ,
МЕН ДЕ СОНДА ӨЛІП,
ЖЕРЛЕНЕМІН...

ЕГЕР МЕН
БҮЛ ДҮНИЕДЕН
КЕТКЕНШЕ СІЗДЕН
АЖЫРАССАМ, МЕНІ
ЖАРАТҚАН ИЕ
ЖАЗАЛАҒАН ҮСТІНЕ
ЖАЗАЛАЙ
ТҮССІН!





НАФИМАНЫҢ ӨЗ ЖЕРЛЕРІ БАР ЕДІ, АЛАЙДА ОНЫҢ ҮЙІ БОЛМАДЫ. СОНДЫҚТАН ОЛАР РУТ ЕКЕУІ ӨЗДЕРІНЕ ШАТЫР ЖАСАП, СОЛ ЖЕРДЕ ӨМІР СҮРІП ЖАТТЫ.

АНАШЫМ, БІЗГЕ ТАМАҚ КЕРЕК. МЕН ЕГІНДІККЕ БАРАЙЫН. ҚАЙЫРЫМДЫ БІРЕУ КЕЗДЕСІП ҚАЛАР, СОНЫҢ АРТЫНАН ЖҮРІП, МАСАҚ ТЕРЕЙІН.



ЖАҚСЫ, ҚЫЗЫМ, БАРА ҒОЙ. БІРАҚ БАЙҚАП ЖҮР, БІР ДӨРЕКІ АДАМДАР КЕЗДЕСІП ҚАЛМАСЫН.



ҚҰДАЙДЫҢ БҰЙРЫҒЫ БОЙЫНША ЕГІН ЖИНАУШЫЛАР ЕГІНІҢ БІР БӨЛІГІН МҮСӘПІРЛЕРГЕ ҚАЛДЫРУЫ ТИІС БОЛДЫ...

СОЛ ҚАЛЫП ҚОЙҒАН АРПАНЫ МҰҚТАЖ АДАМДАР НЕМЕСЕ ЖАТ ЕЛДІҢ АДАМДАРЫ ЖИНАП АЛУ ҮШІН ҚАЛДЫРЫЛАТЫН.

РУТ ОСЫ ЕКІ НӘРСЕЛЕРГЕ ДЕ ТИІСТІ ЕДІ. ОЛ БАСҚА ЖОЛМЕН ӨЗІН ЖӘНЕ ЕНЕСІН АСЫРАУҒА МҮМКІНШІЛІГІ БОЛМАДЫ.

РУТ ЕЛІМӘЛІКТІҢ БОҒОЗ ЕСІМДІ АТАЛАС ТУЫСЫНЫҢ МЕНШІГІ БОЛҒАН ЖЕРДЕ АРПА ЖИНАП ЖҮРДІ!



ОНЫҢ АТЫ БОҒОЗ (ЯГНИ "КҮШІ БАР") ОЛ ӨЗ ЕЛІНДЕ ӨТЕ ТАНЫМАЛ АДАМ БОЛДЫ.

СОЛ КЕЗДЕ ОЛ ДА БЕТЛЕХЕМНЕН ӨЗ ЕГІН ОРАУШЫЛАРМЕН АМАНДАСУ ҮШІН КЕЛДІ...

ҚҰДАЙ СЕНДЕРГЕ ЖАР БОЛСЫН БАЛАМ!

ҚҰДАЙ СІЗДІ ЖАРЫЛҚАСЫН, МЕЙІРІМДІ ТАҚСЫРЫМ!



БІР НӘРСЕ
СҰРАҒЫМ КЕЛІП
ТҰР... МЫНАУ
КІМНІҢ ҚЫЗЫ?

БҮЛ-МОАБ ЕЛІНЕН
НАҒИМАҒА ЕРІП КЕЛГЕН
МОАБТЫҢ ЖАС
КЕЛІНШЕКІ ОЛ ӨТЕ
СЫПАЙЫ ЖӘНЕ
ЕҢБЕКҚОР.



ОЛ ОРАҚШЫЛАРДЫҢ
АРТЫНАН ЖҮРІП, БАУЛАРДЫҢ
АРАСЫНАН ТҮСІП ҚАЛҒАН
МАСАҚТАРДЫ ТЕРҮГЕ РҰҚСАТ
СҰРАДЫ. ТАҢ АТҚАННАН БЕРІ
ЕҢБЕКТЕНІП ЖҮР, КҮРКЕДЕ
АЗ-АҚ ДЕМАЛДЫ.

АААА, ИӘ...
МЕН ОЛ ТУРАЛЫ
БАСҚАЛАРДАН
ЕСТІГЕНМІН!



ОРАҚ ЖИНАУШЫЛАР
БОҒОЗДЫҢ МЕЙІРІМДІ АДАМ
БОЛҒАНЫ ЖАЙЫНДА БІЛСЕ ДЕ,
ОНЫҢ КЕЛЕСІ ЖАСАҒАНДАРЫНА
ҚАТТЫ ТАҢ ҚАЛДЫ...

АЛАЙДА РУТ
ОЛАРДАН ДА БЕТЕР
ТАҢ ҚАЛДЫ!

ҚЫЗЫМ, БАСҚАНЫҢ
ЕГІСТІГІНЕ МАСАҚ ТЕРҮГЕ
БАРМАЙ-АҚ ҚОЙ. ОСЫНДА
МЕНИҢ ҚЫЗМЕТШІ
ҚЫЗДАРЫМНЫҢ ҚАСЫНДА
ЖҮРІП, ТЕРЕ БЕР.



МЕН ҚЫЗМЕТШІ
ЖІГІТТЕРІМЕ САҒАН
ТІСПЕУГЕ
БҮЙЫРДЫМ!



ШӨЛДЕГЕНДЕ БАРЫП,
ОЛАР ТОЛТЫРЫП
ҚОЙҒАН ҚҰМЫРАЛАРДАН
СУ ІШЕ БЕР.

ТАҒАЛҒАН РУТ БОГОЗҒА ИІЛІП ТАҒЫМ ЕТТІ...

ҚАЛАЙША СІЗ
ЖАТ ЖЕРЛІК МАҒАН
СОНДАЙ
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚПЕН
ҚАРАЙСЫЗ?

СЕН ӨЗІҢНІҢ ЕНЕҢЕ ЖАСАҒАН ЖАҚСЫЛЫҒЫ
ЖАЙЫНДА ҚҰЛАҒЫМА ЖЕТТІ...ӘКЕ-ШЕШЕҢДІ,
ЕЛІДІ ТАСТАП,БҰРЫН БІЛМЕГЕН ХАЛЫҚ
АРАСЫНА КӨШІП КЕЛІП, ЕНЕҢЕ КӨМЕКТЕСІП
ЖҮРСІҢ!

ОСЫ ІСТЕГЕН ЖАҚСЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАРАТҚАН ИЕДЕН
ҚАЙТСЫН!СЕН ИСРАИЛ СИЯНАТЫН ҚҰДАЙДЫҢ ҚАНАТЫ
АСТЫНАН ПАНА ІЗДЕП КЕЛДІҢ.ОЛ СЕНІ МОЛЫНАН
ЖАРЫЛҚАСЫН!

МЫРЗАМ, МАҒАН ОҢ
КӨЗІҢІЗБЕН ҚАРАҒАНЫҢЫЗ
ҮШІН АЛҒЫСЫМДЫ
АЙТАМЫН!АЛ МЕН ЕҢ
БОЛМАҒАНДА КҮҢДЕРІҢІЗДІҢ
БІРІ ДЕ ЕМЕСПІН.

ТҮС БОЛҒАННАН KEЙІН...

МҮҢДА
КЕЛ.НАНЫМЫЗДАН
АУЫЗ ТИІП,
СУСЫНЫМЫЗҒА
БАТЫРЫП ЖЕ.

ОЛ ОРАҚШЫЛАРДЫҢ ҚАСЫНА
ОТЫРҒАНДА, БОГОЗ ОҒАН ҚҰЫРЫЛҒАН
АРПАДАН БЕРДІ. РУТ ТОЙҒАНША ЖЕП,
АРТЫЛЫП ТА ҚАЛДЫ.

СОДАН KEЙІН ТҮРЫП,
ЖҰМЫСЫНА ОРАЛДЫ.






ТІРІЛЕР МЕН ӨЛГЕНДЕРГЕ
ҚАЙЫРЫМЫН АЯМАҒАН СОЛ
АДАМДЫ ЖАРАТҚАН ИЕ
ЖАРЫЛҚАСЫН!

ОУ, РУТ, БҰЛ НЕ
БІЛДІРЕТІНІҢ БІЛЕСІҢ
БЕ? ҚҰДАЙ БІЗДІ ЖАЛҒЫЗ
ТАСТАП КЕТКЕН ЖОҚ!

БОҒОЗ ЖАҚЫН
ҚАЙЫНДАРЫМЫЗДЫҢ БІРЕУІ --
ОЛ БІЗГЕ ТЫЫСҚАН ҚАМҚОРШЫ
БОЛА АЛАДЫ!



ӘЛГІ КІСІ МАҒАН ЕГІНІ ОРЫЛЫП
БІТКЕНШЕ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ СОҢЫНАН
ЖҮРІП ТЕРУІМЕ ДЕ РҰҚСАТ ЕТТІ.



ҚЫЗЫМ, БҰЛ КЕРЕМЕТ ЖАҒАЛЫҚ
ҚОЙ, ИӘ, СОЛ АДАМНЫҢ ҚЫЗМЕТШІ
ҚЫЗДАРЫМЕН БІРГЕ ЖҮР, БҰЛ СЕНІҢ
ҚАУІПСІЗДІГІН ҮШІН.



СОНЫМЕН РУТ АРПА МЕН
БИДАЙДЫҢ ОРУ МЕРЗІМІ БІТКЕНШЕ
БОҒОЗДЫҢ ҚЫЗМЕТШІ
ҚЫЗДАРЫНЫҢ ҚАСЫНДА ЖҮРІП,
МАСАҚ ТЕРЕ БЕРДІ.

РУТ ЕНЕСІНІҢ ҚОЛЫНДА ТҮРЫП, КҮНДЕ ТЕРГЕН
МАСАҚПЕН ОНЫМЕН БӨЛІСІП, ОНЫ АСЫРАП ЖҮРДІ.



БІР КЕШТЕ...

ҚЫЗЫМ, САҒАН
ЖАҚСЫ БОЛУҮШІН ЖАЙЛЫ
БАСПАНА ТАУЫП БЕРСЕМ...
МЕН ҚАЙТЫС БОЛҒАННАН
КЕЙІН СЕНІ АСЫРАП
БАҒАТЫН БІРЕУ
КЕРЕК!



МЕНИҢ
ОЙЫМША БОҒОЗ
ЕҢ ЖАҚСЫ ТАҢДАУ
БОЛУШЫ ЕДІ!

ОЛ БІЗДІҢ
ЕТ JAҚЫН
ҚАЙНЫМЫЗ ЕМЕС
ПЕ?



ТЫҢДА, БАЛАМ... БҮГІН КЕШКЕ
ОЛ ҚЫРМАНДА АРПАСЫН
ҰШЫРЫП, ТАЗАРТЫП ЖАТЫР
ЕКЕН...

ЖУЫНЫП-ШАЙЫНЫП...
ИІСМАЙ ЖАҚ ТА...
ӘДЕМІ КИІНІП...
ҚЫРМАНҒА БАР!



БОҒОЗ КЕШКІ АСЫН ІШІП-ЖЕП
БОЛМАЙЫНША КӨЗІНЕ
ТҮСПЕ...

ОЛ ҰЙҚЫҒА
КІРІСКЕНДЕ ЖАТҚАН
ЖЕРІН БІЛІП АЛ...

ЖАМЫЛҒЫСЫНЫҢ
ЕТЕГІН АЗДАП КӨТЕРІП...
АЯҚ ЖАҒЫНА ЖАТА КЕТ...
ӘРІ ҚАРАЙ ЗАҢДЫ ТҮРДЕ НЕ
ІСТЕУ КЕРЕК ЕКЕНІН ОНЫҢ
ӨЗІ АЙТАР.

БҮЛ БІРАЗ ҚАУІПТІ...
БІРАҚ РУТ, СЕНІ КҮЙЕУГЕ
БЕРУІМ ОДАН ДА
МАҢЫЗДЫРАҚ!



МЕН...
АЙТҚАНЫҢЫЗДЫҢ
БӨРІН ІСТЕЙМІН...



КЕЙІН...

СОНДАЙ
ҚОРҚЫНЫШТЫ...

БІРАҚ-ТА ЕНЕМДІ
АСЫРАУ ҮШІН СОЛАЙ
ІСТЕУІМ КЕРЕК...



ОНЫҢ
ҰРПАҒЫН
ЖАЛҒАСТЫРУ
ҮШІН!



БОҒОЗ ҰЙЫҚТАП
ҚАЛҒАННАН КЕЙІН,
РУТ БІЛДІРТПЕЙ
ЖАМЫЛҒЫСЫН АЗДАП
КӨТЕРІП, АЯҚ АСТЫНА
ЖАТА КЕТТІ.



ТУН ОРТАСЫНДА БОҒОЗ
ОРНЫНАН АУДАРЫЛЫП,
ШОШЫП ОЯНДЫ ҚАСЫНДА
ЖАТҚАН ӘЙЕЛДІ КӨРІП,
АБЫРЖЫП ҚАЛДЫ!

ӨЙ, СЕН
КІМСІҢ?

МЕН РУТПЫН
ҒОЙ, МЫРЗА.



МЕНІ ҚАНАТЫҢЫЗДЫҢ
АСТЫНА АЛА КӨРІҢІЗ, ӨЗ
ҚЫЗМЕТШІҢІЗДІ ӘЙЕЛ
ҚЫЛЫП АЛЫҢЫЗ ...

ЕҢ ЖАҚЫН
ТУЫСЫМ,
ҚАЙНАҒАМ
ЕМЕССИЗ БЕ?!



ҚАЛҚАМ, ЖАРАТҚАН ИЕ
СЕНІ ЖАРЫЛҚАСЫН...
СЕНІҢ ЖАС ЖӘНЕ БАЙ
ЖІГІТТЕРДІҢ АРТЫНАН
ЖҮГІРМЕГЕНІҢ ЖӨН
БОЛДЫ.

МЫНА ИГІ ІСІҢ
БҮГІНГЕ ДЕЙІН ЕНЕҢЕ
ЖАСАП КЕЛГЕН
ЖАҚСЫЛЫҒЫҢНАН
ДА АСЫП ТҮСТІ!



ЕНДІ УАЙЫМДАМАЙ-АҚ ҚОЙ,
ҚАРАҒЫМ... МЕН ӨТІНІШІНДІ
ТҮГЕЛДЕЙ ОРЫНДАЙМЫН. ҚАЛА
ХАЛҚЫНЫҢ БӘРІ СЕНІҢ ҮЛГІЛІ
ӘЙЕЛ ЕКЕНІНДІ БІЛЕДІ.



МЕНИҢ САҒАН ӘМЕҢГЕР БОЛА АЛАТЫН
ҚАЙНАҒАҒА ЕКЕНІМ РАС. БІРАҚ МЕНЕН ДЕ
ЖАҚЫН ҚАЙНЫҢ БАР.

СОЛ АДАМ САҒАН
ӘМЕҢГЕР БОЛУҒА
КЕЛІССЕ, ОНДА ЖАҚСЫ,
СОЛАЙ БОЛСЫН...



АЛ ЕГЕР ОЛ БАС
ТАРТСА, ОНДА МЕН
САҒАН ӘМЕҢГЕРІҢ
БОЛЫП
ҮЙЛЕНЕМІН.

АЛ ӘЗІРШЕ
ТАҢҒА ДЕЙІН
ОСЫНДА ТҮНЕП
ШЫҚ... ТҮНДЕЛЕТІП
ҮЙГЕ ҚАЙТУЫҢ
ҚАЖІПТІ!



ОСЫЛАЙ РУТ ТАҢ АТҚАНША СОЛ ЖЕРДЕ ҚАЛДЫ...
СОСЫН БОҒОЗ МІНАЖАТ ЕТТІ:

УА, ҚҰДАЙЫМ,
СЕН БІЛЕСІҢ МЕН
РУТҚА ҚОЛЫМДЫ ДА
ТИГІЗБЕДІМ...

ӨТІНЕМІН, РУТТЫҢ
ОСЫНДА БОЛҒАНЫҢ
ЕШКІМ ДЕ КӨРМЕСІНШІ,
ӨСЕК ТАРАП
КЕТПЕСІНШІ. СЕНІҢ
АТЫНА КІР КЕЛМЕСІН
МЕНИҢ ҮШІН.




БОҒОЗ РУТҚА АЛТЫ СЕБЕТТЕЙ АРПА ҚҰЙЫП, БҮЙІП-ТҮЙІП, АРҚАЛАТЫП
ЖІБЕРДІ. БҮЛ СЫЙЛЫҚ БОҒОЗДЫҢ РУТТАН БАС ТАРТПАҒАН БЕЛГІСІ ЕДІ.



СӨЙТІП РУТ БЕТЛЕХЕМГЕ
ҚАЙТЫП КЕЛДІ...

ҚАЛАЙ БОЛДЫ,
ҚЫЗЫМ?



РУТ ЕНЕСІНЕ БОҒОЗДЫҢ ОҒАН
ЖАСАҒАНДАРЫНЫҢ БАРЛЫҒЫН АЙТЫП БЕРДІ...

...ОЛ МАҒАН "ЕНЕҢЕ ҚҰР ҚОЛ
ҚАЙТПА" ДЕП, МЫНА АЛТЫ СЕБЕТТЕЙ
АРПАНЫ БЕРІП ЖІБЕРДІ!



СОҢЫ НЕМЕН БІТЕРІН
БІЛГЕНШЕ ТОСА ТҮР,
ҚЫЗЫМ... БҮЛ КІСІ ОСЫ
ІСТІ АЯҚТАМАЙ ТЫНЫМ
ТАППАЙДЫ... БҮГІН!



БОҒОЗ ҚАЛА ҚАҚПАСЫНЫҢ ҚАСЫНДАҒЫ АЛАҒА БАРЫП
ОТЫРДЫ. ҚАРАСА, ӨЗІ РУТҚА АЙТҚАН ТУЫСҚАНЫ ҚАСЫНАН
ӨТІП БАРА ЖАТЫР ЕКЕН...

ТУЫСҚАН,
МҮНДА КЕЛІП,
ОТЫРА ТҮР!

ОУ, СӘЛЕМ
БОҒОЗ
АҒА...




БІЗ БІР
МӘСЕЛЕНІ
ШЕШУІМІЗ
КЕРЕК!



БОҒОЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ОН АҚСАҚАЛЫН ШАҚЫРЫП АЛДЫ. (ОСЫ АҚСАҚАЛДАР СОЛ КЕЗДЕРІ
БЕТЛЕХЕМДЕГІ ТУЫСҚАНДАРДЫҢ АРАСЫНДА ДАУДЫ ШЕШЕТІН ӘМІРШІЛЕР ЕДІ.)

СІЗДЕРГЕ РАХМЕТ,
БАУЫРЛАРЫМ. МЕНДЕ
ТУЫСЫММЕН ШЕШЕТІН БІР
МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕМ БАР
ЕДІ. ОСЫНЫ СЕНДЕРМЕН
БІРГЕ ШЕШЕТІН БОЛСАҚ
ЕКЕН.




МОАБ ЕЛІНЕН
ҚАЙТЫП КЕЛГЕН НАҒИМА
АҒАЙЫНЫМЫЗ ЕЛІМӘЛІКKE
ТІІСТІ МҰРАЛЫҚ ЖЕР
ҮЛЕСІН САТПАҚШЫ. СОНЫ
СЕНІҢ ҚҰЛАҒЫНА САЛҒЫМ
КЕЛДІ...



ХАЛҚЫМНЫҢ АҚСАҚАЛДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ
МЫНА ОТЫРҒАН ЖҰРТТЫҢ АЛДЫНДА САҒАН
ҰСЫНЫС ЖАСАЙМЫН: СОНЫ СЕН
САТЫП АЛ...


АЛ ЕГЕР БАС
ТАРТСАҢ, СЕНЕН
КЕЙІНГІ КЕЗЕГІ
МЕНИКІ!

ХМММ...



ОНЫ САТЫП АЛУЫМ ҮШІН НАҒИМАҒА
ҮЙЛЕНУІМ КЕРЕК, АЛ ОЛ БАЛА ТУУ ҮШІН ТЫМ
КӨРІ... СОНДА СОЛ ЖЕР МЕНИКІ БОЛЫП
ҚАЛАДЫ!

ЖАРАЙДЫ,
ҚҰНЫН ТӨЛЕП
САТЫП
АЛАЙЫН!



ЕГЕР СЕН НАҒИМАДАН
ЖЕРДІ САТЫП АЛСАҢ, ОНДА
МАРҚҰМНЫҢ МОАБТЫҚ ЖЕСІР
КЕЛІНІ РУТТЫҢ ӘМЕҢГЕРІ
БОЛЫП СОҒАН ҮЙЛЕНЕСІН.
РУТ ҰЛДЫ БОЛҒАНДА ТУҢҒЫШ
ҰЛЫ МАРҚҰМНЫҢ ҰРПАҒЫ
ДЕП ЕСЕПТЕЛЕДІ.

НЕ-?! ... БҮЛ ЖЕР
ҮЛЕСІН СОЛ ИЕМДЕНБЕК...
МЕН ОЛ ЖЕРДІ САТЫП
АЛСАМ, АҚШАМДЫ
КЕТІРЕМІН, БІРАҚ ПАЙДАСЫ
МАҒАН ТИМЕЙДІ!



ОЛАЙ БОЛСА, ЖЕРДІ
САТЫП АЛА АЛМАЙМЫН.
БҮЛ ӨЗІМНІҢ МҰРАЛЫҚ
ҮЛЕСІМЕ НҰҚСАН
КЕЛТІРМЕК!



ОДАН ДА СЕН
ҚАМҚОРШЫ БОЛЫП,
ЖЕРДІ САТЫП АЛҒАНЫҢ
ЖӨН... АЛ МЕНІҢ
ҚОЛЫМНАН
КЕЛМЕЙДІ!

(ЕЖЕЛГІ ЗАМАНДА ИСРАИЛДЕ
МЫНАДАЙ ДӘСТҮР БАР
БОЛАТЫН: ЕГЕР БІРЕУ ТУЫСҚАН
ҚАМҚОРШЫ РЕТІНДЕГІ БОРЫШЫН
БАСҚА БІРЕУГЕ АУДАРСА, ОНДА ОЛ
БҮЛ ІСТІ РАСТАУ ҮШІН БІР
АЯҚКИІМІН ШЕШІП АЛЫП, СОЛ
АДАМҒА БЕРУГЕ ТИІСТІ.)



БҮГІН СІЗДЕР МЕНІҢ НАҒИМАДАН
ЕЛІМЕЛЕХТІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЛДАРЫНЫҢ
БҮКІЛ МЕНШІГІН САТЫП АЛҒАНДЫҒЫМА
КҮӘСІЗДЕР!

МЕН СОНДАЙ-АҚ, МАРҚҰМНЫҢ ҰРПАҒЫН
ЖАЛҒАСТЫРЫП, СОҒАН БАРЛЫҚ МҰРАСЫН
ҚАЛДЫРУ ҮШІН МОАБТЫҚ РУТТЫ
ӘЙЕЛДІККЕ АЛАМЫН!



СІЗДЕР БҮГІН
СОҒАН
КҮӘСІЗДЕР !!



ИӘ! КҮӘМІЗ!

БАСҚА АДАМ
БОЛСА, ЕШКІМГЕ
ЕШТЕҢЕ АЙТПАЙ СОЛ
ЖЕРДІ САТЫП
АЛЫП...

...БАСҚАЛАРҒА
ҚЫМБАТ САТЫП
ЖІБЕРУШІ ЕДІ ЖӘНЕ
ДЕ ЖЕСІРГЕ ҮЙЛЕНГІСІ
КЕЛМЕУШІ ЕДІ...

...АЛАЙДА СЕН
БӘРІНІҢ КӨЗ
АЛДЫҢДА ЖАРИЯ
ЕТТІҢ!



ЖАРАТҚАН ИЕ СЕНІҢ ҮЙІНЕ КІРЕТІН БҮЛ
ӘЙЕЛДІ ИСРАИЛДІҢ ҮРІМ-БҮТАҒЫН
ТАРАТҚАН РАХИЛА МЕН ЛИЯДАЙ
ҰРПАҚТЫ ЕТЕ КӨРСІН!

ТАМАР АТА-ТЕГІМІЗ
ЯҺУДАҒА ПАРЕСТІ ТУЫП
БЕРІП, ҮЛКЕН ӘУЛЕТТІ
ТАРАТҚАНДАЙ, ЖАРАТҚАН ИЕ
ОСЫ ӘЙЕЛДЕН СЫЙЛАЙТЫН
ҰРПАҚТАРЫҢ АРҚЫЛЫ СЕНІ
ДЕ ҮБІРЛІ-ШҮБІРЛІ ҚЫЛА
КӨРСІН!



СӨЙТІП БОҒОЗ РУТҚА ҮЙЛЕНДІ... РУТ БІРІНШІ КҮЙЕУІНЕ БАЛА ТУЫП БЕРМЕСЕ ДЕ, ҚУДАЙ ОҒАН ҰЛ СЫЙЛАДЫ...

БІЗДІ ҰРАПҚСЫЗ ҚАЛДЫРМАҒАНЫ ҮШІН ЖАРАТҚАН ИЕ МАДАҚТАЛСЫН!

БАЛАНЫҢ АТАҒЫ ИСРАИЛГЕ ЖАЙЫЛСЫН!



ЕНДІ ОЛ СЕНІ ҚАМҚОРЛАЙТЫН МҰРАГЕРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТТІ...

...СЕБЕБІ ОНЫ ТУҒАН-ӨЗІңДІ ЖАҚСЫ КӨРІП, СОНШАМА АДАЛ БОЛЫП, КЕЛГЕН КЕЛІНІҢ. ОСЫ КЕЛІНІҢ САҒАН ЖЕТІ ҰЛДАН ДА АРТЫҚ!



ИӘ! БҰЛ НАҒИМА ҮШІН ТУЫЛҒАН ҰЛ!!!

... ОҒАН ҒАБИТ ДЕГЕН ЕСІМ БЕРДІ ("ҚЫЗМЕТШІ").



ПАРЕС ӘУЛЕТІНІҢ ТАРАУ ТЕГІ МЫНАУ ЕДІ. ОЛ ЯҺУДАДА ЕҢ ҮЛКЕН ӘУЛИЕТ ЕДІ...

ПАРЕСТЕН
ХЕСРОН
ТУЫЛДЫ...

ХЕСРОННАН
РАМ...

НАҒАСОННАН
САЛМОН...

ҒАБИД
ЕСЕЙДІҢ
ӘКЕСІ...

САЛМОННАН
БОҒОЗ...

ЭМИНАДАПТАН
НАҒАСОН...

РАМНАН
ЭМИНАДАП...

БОҒОЗДАН
ҒАБИТ
ТУЫЛДЫ...

ЕСЕЙ ИСРАИЛДІҢ КЕРЕМЕТ
ПАТШАСЫ ДӘУИТТІҢ ӘКЕСІ.

СӨЙТІП БОҒОЗ БЕН РУТ МӘСІХТІҢ АРҒЫ АТАЛАРЫ БОЛДЫ,
ЯҒНИ ИСА МӘСІХТІҢ!



ЕФРЕМ РУЫНАН ЕЛҚАНАХ ЕСІМДІ
КІСІНІҢ ЕКІ ӘЙЕЛІ БАР ЕДІ.

БІРІНШІСІ ХАННА, ЕКІНШІСІ
ПӘНАНА ЕСІМДІ БОЛДЫ.

ПӘНАНАНЫҢ
БАЛАЛАРЫ БОЛДЫ,
ХАННА КҰРСАҚ
КӨТЕРМЕДІ.

ОЛ ЖЫЛ САЙЫН ӘЛЕМНІҢ ИЕСІНЕ ҒИБАДАТ ЕТІП,
ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУҮШІН ОТБАСЫН ЕРТІП,
ШИЛОҒА САПАР ШЕГЕТІН.

СОЛ ҚАЛАДА ЕЛИДІҢ ЕКІ ҰЛЫ ОПНИ МЕН
ПІНЕХЕС ДІНИ ҚЫЗМЕКЕРЛЕР БОЛЫП
ІСТЕЙТІН.



ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛҒАННАН KEЙІН ЕЛҚАНАХ
ӘЙЕЛІ ПӘНАНАҒА ЖӘНЕ ОДАН КӨРГЕН
ҰЛ-ҚЫЗДАРЫНА ТИІСТІ ҮЛЕСТЕРІН БЕРЕТІН.



АЛ ХАННАҒА ЕКІ ЕСЕЛЕП
ТАБЫСТАЙТЫН. СЕБЕБІ ЖАРАТҚАН ИЕ ОҒАН
ПЕРЗЕНТ СЫЙЛАМАСА ДА, КҮЙЕУІ ХАННАНЫ
ҚАТТЫ ЖАҚСЫ КӨРДІ.

ҚҰДАЙ СЕНІ ҰМЫТЫП КЕТТІ, СІРӘ.
САҒАН ПЕРЗЕНТ СЫЙЛАМАДЫ.

АЛ МЕН БОЛСАМ,
КҮЙЕУІМІЗГЕ
ҚЫЗДАРДЫ ДА,
ҰЛДАРДЫ ДА
СЫЙЛАДЫМ, ТАҒЫ
ДА ТУАТЫН КҮШІМ
БАР.



ХАННА, СЕН НЕГЕ ЖЫЛАЙ
БЕРЕСІҢ? ЖҮРЕГІҢ НЕГЕ
ЖАБЫРҚАУЛЫ?



МЕН СЕНҮШІН
ОН ҰЛДАН ДА
АРТЫҚ ЕМЕСПІН
БЕ?

БІРДЕ ОТБАСЫ ШИЛОДА ҚҰРБАНДЫҚ
ШАЛЫП, ІШІП-ЖЕП БОЛҒАН СОҢ, ХАННА
ОРНЫНАН ТҰРЫП, ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ КИЕЛІ
ҮЙІНІ ҚАСЫНА БАРДЫ.

УА, ӘЛЕМНІҢ ИЕСІОСЫ
КҮННІҢ ҚАЙҒЫ-ҚАСІРЕТІНЕ
НАЗАР АУДАРЫП, ЕСІНДЕ ҰСТАЙ
ҒӨР. МАҒАН БІР ҰЛ СЫЙЛАСАҢ,
СОНЫ ӨМІР БОЙЫ САҒАН
БАҒЫШТАР ЕДІМ.

СЕН ҚАШАНҒЫ
МАС БОЛЫП
ЖҮРЕ БЕРЕСІҢ?
ШАРАП ІШУІҢДІ
ДОҒАР!

МЫРЗАМ, ОЛАЙ ЕМЕС.
МЕН БІР КҮЙЗЕЛІП ЖҮРГЕН
СОРЛЫ ӘЙЕЛМІН. ТЕК
КӨКІРЕКТЕГІ ЗАРЫМДЫ
ЖАРАТҚАН ИЕГЕ АҚТАРЫП
СИЫНЫП ОТЫРМЫН.

МЕНІ АРСЫЗ ӘЙЕЛІ
ДЕП ОЙЛАП ҚАЛМАҢЫЗ.
ҚАЙҒЫ-ҚАСІРЕТІМ ӨТЕ
ЗОР БОЛҒАНДЫҚТАН
ОСЫЛАЙША ЖАЛЫНЫП
ТҰРМЫН.

ТЫНЫШТЫҚПЕН ҮЙІНЕ ҚАЙТА БЕР.
ИСРАИЛДІҢ СИЫНАТЫН ҚҰДАЙЫ
ТІЛЕУІҢДІ ҚАБЫЛ АЛСЫН!

МЫРЗАМ,
МЕНДЕЙ
ПАҚЫРЫҢЫЗҒА
ОҢ КӨЗІҢІЗБЕН
ҚАРАЙ КӨРІҢІЗ.

ҚҰДАЙ ӘЙЕЛДІҢ ТІЛЕГІН ЕСКЕРІП, ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ.
ХАННА ҰЛ БАЛА ТУДЫ.

ОЛ ОҒАН САМУИЛ ДЕГЕН АТ ҚОЙДЫ,
ЯҒНИ "ҚҰДАЙ ҚҰЛАҚ АСТЫ."



СЕН МЕНІМЕН БҮЛ ЖЫЛЫ ҚҰДАЙҒА
ҒИБАДАТ ЕТУГЕ БАРАСЫҢ БА?

БАЛА ӨСІП, ЕМШЕКТЕН
ШЫҚАННАН KEЙІН ОНЫ
ШИЛОҒА АЛЫП БАРАМЫН.
СОНДА ОЛ ЖАРАТҚАН ИЕГЕ
БАҒЫШТАЛАДЫ.

ОЛ СОЛ
ЖЕРДЕ
ТҰРАТЫН
БОЛСЫН.



УАҚЫТ ӨТКЕННЕН KEЙІН ХАННА ЖАРАТҚАН
ИЕНІҢ АЛДЫНА ШИЛОҒА БАРДЫ. ОЛ
ӨЗІМЕН БІРГЕ ҚҰРБАНДЫҚТАРЫН ЖӘНЕ ЕҢ
МАҢЫЗДЫСЫН-ҰЛЫН ЕРТІП АЛЫП КЕЛДІ.

ОСЫЛАЙША ХАННА БАЛАСЫН
ҚҰДАЙҒА ӨМІРІНІҢ СОҢЫНА
ДЕЙІН ҚЫЗМЕТ ЕТУ ҮШІН БЕРДІ.



МЫРЗАМ, МЕН БАҒЫДА ОСЫ
ЖЕРДЕ СІЗДІҢ ҚАСЫҢЫЗДА
ТҰРЫП, ЖАРАТҚАН ИЕГЕ СЫЫҢҒАН
ӘЙЕЛМІН ҒОЙ.

СОЛ КЕЗДЕ МЫНА
БАЛАНЫ СЫЙЛАЙ
КӨРСІН ДЕП
ЖАЛБАРЫҢҒАН ЕДІМ.

ЖАРАТҚАН ИЕ
ӨТІНІШІМДІ ЖҮЗЕГЕ
АСЫРДЫ. ЕНДІ МЕН ДЕ
УАДЕМДІ ОРЫНДАП,
БАЛАНЫ ӨМІР БОЙЫ
ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ
БАҒЫШАҒЫМ КЕЛІП
ОТЫР.

ЖАРАТҚАНҒА ШЫН ЖҮРЕКТЕН
ШАТТАНАМЫН, ИЕМНЕН МОЛ
КУШ ПЕН АБЫРОЙ АЛҒАНМЫН.

ЕШКІМ ЖОҚ ЖАРАТҚАН
ИЕДЕЙ ҚАСИЕТТІ, ЖОҚ
СЕНЕН ӨЗГЕ ЕШБІР ТӘҢІР
ШЫНАЙЫ.

...МЫҚТЫНЫҢ
САДАҚТАРЫ
СЫНДЫРЫЛАДЫ, АЛ
ӘЛСІЗ ЖАН ЗОР КУШКЕ
ИЕ БОЛАДЫ.



ОСЫДАН KEЙІН ЕЛҚАНАХ ҮЙ ІШІМЕН РАМАҚҚА
ҚАЙТЫП ОРАЛДЫ. АЛ БАЛАСЫ САМУИЛ ДІНИ
ҚЫЗМЕТКЕР ЕЛИДІҢ ҚАРАМАҒЫНДА ЖАРАТҚАН
ИЕГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕІН БОЛЫП ШИЛОДА ҚАЛДЫ.



БІРАҚ ЕЛИДІҢ ҰЛДАРЫ АРСЫЗ БОЛАТЫН...

БҮЛ ЕТТІҢ БӨЛІГІН САҒАН АЛУҒА БОЛМАЙДЫ!

МЕН ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕР БОЛҒАНЫҚТАН ҚАЛАҒАНЫМДЫ АЛУҒА ТИСТІМІН.

ЖҮР МЕНІМЕН!

СЕН НЕ ІСТЕП ТҮРСЫН? БІЗ БҮЛ ЖЕРДЕ ҚҰДАЙҒА ҚҰЛШЫЛЫҚ ЕТУ ҮШІН КЕЛДІК.

ОСЫЛАЙША СОЛ ЖІГІТТЕР КҮНДЕ ЖАРАТҚАН ИЕГЕ АРНАЛҒАН ҚҰРБАНДЫҚТАРДЫ ҚОРЛАП ЖҮРДІ.

... СОЛ ҮШІН ОЛАРДЫҢ ҚҰДАЙДЫҢ АЛДЫНДАҒЫ КҮНӨЛАРЫ ТЫМ АУЫР БОЛАТЫН.

САМУИЛДІҢ АНАСЫ ОҒАН ЖЫЛ САЙЫН ЖАҢАДАН БӘТІСТЕН ЖЕҢСІЗ КІШКЕНЕ СЫРТ КӨЙЛЕК ТІГІП БЕРЕТІН. ОЛ ДА ЕЛИ СИЯҚТЫ СОНЫ КИІП ЖҮРДІ.

ЕЛИ ЕЛҚАНАХ ПЕН ОНЫҢ ӘЙЕЛІҢ ЖАРЫЛҚАДЫ.



ӘЙЕЛІНІҢ ЖАРАТҚАН ИЕДЕН СУРАП АЛЫП, ОҒАН БАҒЫШТАҒАН БАЛАСЫНЫҢ ОРНЫНА ОЛ САҒАН ОСЫ ӘЙЕЛДЕН КӨП ҰЛ-ҚЫЗ СЫЙЛАЙ КӨРСІН.

СОДАН ОЛАРДЫҢ Тағы Үш Ұлы, Екі Қызы Туылды.



ДИНИ ҚЫЗМЕТКЕР ӨЗ ҰЛДАРЫНА СӨГІС АЙТТЫ...

ЕГЕР БІР АДАМ БАСҚА БІРЕУДІҢ АЛДЫНДА КІНӘЛІ БОЛЫП ҚАЛСА, ОНДА ҚҰДАЙ Тағайындаған БИЛЕР ЕКЕУІНІҢ АРАСЫНДА ЖҮРІП, ОНЫҢ СӨЗІН СӨЙЛЕП АЙТАДЫ. АЛ ЕГЕР ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ӨЗІНЕ ҚАРСЫ КҮНӘ ЖАСАСА, ОНДА СОЛ ПЕНДЕНІҢ СӨЗІН КІМ СӨЙЛЕЙДІ?

...ӘЙТСЕ ДЕ ОЛАРДЫҢ ЖҮРЕКТЕРІ ҚАСАРЫСЫП КЕТКЕН.

АЛ ЖАСӨСПІРІМ САМУИЛ ЖАРАТҚАН ИЕГЕ
ДЕ, АДАМДАРҒА ДА ҰНАМДЫЛЫҒЫ АРТА
ТҮСІП, ӨСІП КЕЛЕ ЖАТТЫ.

ҚҰДАЙ ЕЛИГЕ ӨЗ
АДАМЫН ЖІБЕРІП, ОҒАН
ХАБАР ЖЕТКІЗДІ.

СЕНІҢ ӘУЛЕТІҢ
МЫСЫРДА БОЛҒАН
КЕЗДЕ МЕН ОЛАРҒА
ӨЗІМ ТУРАЛЫ АЯН
БЕРДІМ ЕМЕС ПЕ?

ИСРАИЛДІҢ БАРЛЫҚ
РУЛАРЫНЫҢ ІШІНЕН
АРҒЫ АТАНДЫ МЕНІҢ
ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРІМ
БОЛУҒА ТАҢДАП
АЛДЫМ.

МАҒАН АРНАП
ӨРТЕЙТІН БАРЛЫҚ
ҚҰРБАҢДЫҚТАРЫНАН ТИІТІ
ҮЛЕСТЕРІН БЕЛГІЛЕП
КОЙҒАН ЖОҚ ПА ЕДІМ?

НЕГЕ СЕН
ҰЛДАРЫҢДЫ
МЕНЕН АРТЫҚ
КӨРЕСІН?

СОНДЫҚТАН ДА
ИСРАИЛДІҢ
ҚҰДАЙЫ МЫНАНЫ
АЙТАДЫ:

МЕНІ СЫЙЛАҒАНДАРДЫ
МЕН ДЕ СЫЙЛАЙМЫН, АЛ
МЕНІ МЕНСІНБЕГЕНДЕР
МАСҚАРА БОЛАДЫ.

ЕНДІ СЕНІҢ
ҰРПАҚТАРЫҢНЫҢ ЖАСЫН
ҰЛҒАЙТПАЙ, ҮЙ ІШІНДЕ
ҚАРИЯ ҚАЛМАЙДЫ.

СЕНІҢ ҰЛДАРЫҢ ЕКЕУІ
БІР-АҚ КҮНДЕ ӨЛЕДІ. БҰЛ
САҒАН АЙТЫЛҒАННЫҢ
БӘРІНІҢ ТҮГЕЛДЕЙ ЖҮЗЕГЕ
АСАТЫНЫН БІЛДІРЕТІН
БЕЛГІСІ БОЛМАҚ.

СОДАН МЕН
ҚЫЗМЕТІМ АДАЛ
ОРЫНДАЙТЫН ӨЗГЕ БІР
ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ
БЕЛГІЛЕЙМІН.

ОЛ МЕНІҢ ЕРКІМЕ САЙ
ӘРЕКЕТ ЖАСАП, МІНДЕТІМ
ӨЗІМ ТАҒАЙЫНДАЙТЫН ПАТШАНЫҢ
АЛДЫНДА АТҚАРАТЫН БОЛАДЫ. МЕН
ОНЫҢ ӘУЛЕТІН ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕР
БОЛУҒА БЕКІТЕМІН.



СОЛ ЗАМАНДА ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ
АДАМДАРҒА СӨЗІН АРНЫП,
АЯН БЕРУІ ӨТЕ СІРЕК БОЛДЫ.

БІРАҚ БІР ТҮНІ
ҚҰДАЙ СӨЙЛЕДІ...




МЕН
МҮНДАМЫН.



ТЫҢДАП
ТҮРМЫН, СІЗ МЕНІ
ШАҚЫРДЫҢЫЗ
БА?

ЖОҚ, СЕНІ ШАҚЫРҒАН
ЖОҚПЫН, ОРНЫНА
БАРЫП, ЖАТА ҒОЙ.



БҮЛ ЖАҒДАЙ ҮШІНШІ РЕТ БОЛҒАНДА, ЕЛИ
САМУИЛҒА ОСЫНДАЙ НҮСҚАУ БЕРДІ...

ЕГЕР СЕНІ ҚАЙТАДАН
ШАҚЫРСА, ОНДА: "УА, ИЕМ,
АЙТА ГӨР, ПЕНДЕҢ ТЫҢДАП
ТҮР" ДЕП ЖАУАП БЕР.



САМУИЛ!
САМУИЛ!

АЙТА ГӨР,
ПЕНДЕҢ
ТЫҢДАП ТҮР.



МЕН ИСРАИЛДЕ
ЕСТИГЕН АДАМДЫ
ҚАТТЫ АБЫРЖЫТАТЫН
БІР НӘРСЕ
ІСТЕМЕКПІН.

МЕН ЕЛИДІҢ
ОТБАСЫ ТУРАЛЫ
АЙТҚАН СӨЗДЕРІМДІ
БАСЫНАН АЯҒЫНА
ДЕЙІН ЖҮЗЕГЕ
АСЫРАМЫН.

ОЛ ҰЛДАРЫНЫҢ
ҚҰДАЙДЫ
ҚОРЛАҒАНДАРЫН БІЛІП
ЖҮРСЕ ДЕ, ОЛАРДЫ
ЖҮГЕНДЕП, ТОҚТАТҚАН
ЖОҚ.

ОЛАРДЫҢ
КҮНӘЛАРЫ
ЕШҚАШАН
КЕШІРІЛМЕЙДІ.



САМУИЛ
БАЛАМ, БЕРІ
КЕЛШІ.

ТЫҢДАП
ТҰРМЫН
СІЗДІ.

ҚҰДАЙ САҒАН
НЕ ДЕДІ?

ОНЫ МЕНЕН
ЖАСЫРМА.

ҚҰДАЙ ИСРАИЛДЕ
АУЫР БІР НӘРСЕ
ЖАСАМАҚШЫ. БҰЛ
ЖАЙЫНДА ЕСТІГЕН
АДАМНЫҢ ҚҰЛАҒЫ
ШУЫЛДАП КЕТЕДІ.

СЕНІҢ ЖАНУАҢ
ЖОЙЫЛЫП ЖІБЕРІЛЕДІ.
СЕНІҢ ҰЛДАРЫҢ ДА, ПИНЕХЕС
ТЕ, ОПНИ ДА ӨЗ КҮНӘЛАРЫ
ҮШІН ЖАЗАЛАНАДЫ.

ОЛ ЖАРАТҚАН
ИЕ ҒОЙ. ОНЫҢ
ӘДІЛ ЕРКІ
ОРЫНДАЛСЫН.

ЖАРАТҚАН ИЕ САМУИЛГЕ ЖАР БОЛДЫ,
АЛ АДАМДАР ОНЫҢ ШЫНЫМЕН
ПАЙҒАМБАР БОЛҒАНЫНА КӨЗДЕРІ ЖЕТТІ.

ЖАРАТҚАН ИЕ САМУИЛГЕ СӨЗІН
АРНАП, ӨЗІНІҢ КІМ ЕКЕНІН АШЫП БЕРДІ.
ЖӘНЕ АДАМДАР САМУИЛДІҢ СӨЗІНЕ
ҚҰЛАҚ АСАТЫН.

ФІЛІСТІРЛЕРДІҢ ЖАСАҒЫ ИСРАИЛГЕ ҚАРСЫ
ШЫҚҚАНДА ҚҰДАЙДЫҢ АЙТҚАН СӨЗІ ІСКЕ АСТЫ.



ҰРЫСТЫҢ БІРІНШІ КҮНІНДЕ
ИСРАИЛДІҢ ЖАСАҒЫНДА 4000-НАН
АСТАМ АДАМ МЕРТ БОЛДЫ.



НЕЛІКТЕН БІЗ
ЖЕҢІЛІП
ҚАЛДЫҚ?!

ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ
КЕЛІСІМ САНДЫҒЫН
ШИЛОДАН ОСЫНДА
АЛЫП КЕЛЕЙІК.

ЖАРАТҚАН ИЕ
БҮГІН НЕЛІКТЕН
ОСЫҒАН ЖОЛ
БЕРДІ?



иәәә!!

ЕНДІ БІЗ
ЖЕҢІЛМЕЙМІЗ-СЕБ
ЕБІ ҚҰДАЙДЫҢ
КЕЛІСІМ САНДЫҒЫ
БІЗБЕН БІРГЕ.

ҚҰДАЙДЫҢ
КЕЛІСІМ САНДЫҒЫ
БІЗДІ ЖЕҢІМПАЗ
ҚЫЛАДЫ.



ОЛАРДЫҢ
АРАЛАРЫНА ҚҰДАЙ
КЕЛІПТІ-ЕНДІ БІЗ
ҚАСІРЕТКЕ
ҚАЛАРМЫЗ!

ОЛАРДЫҢ ҚҰДАЙЫ
МЫСЫРЛЫҚТАРДЫ
ҚҰРТҚАН ЕДІ!

МЫҚТЫ
БОЛЫҢДАР-ӘЙТПЕСЕ БҮЛ
ИСРАИЛДІКТЕРДІҢ ҚҰЛЫ
БОЛАСЫНДАР.



КЕЛЕСІ КҮННІҢ ҰРЫСЫНДА ОДАН ДА БЕТЕР
БОЛДЫ-ИСРАИЛДІКТЕРДІҢ 30000-ҒА ЖУЫҚ АДАМДАРЫ
МЕРТ БОЛДЫ.



ФИЛИСТІРЛІКТЕР ИСРАИЛДІКТЕРДІҢ
ЕҢ МАҢЫЗДЫ ҚАЗЫНАЛАРЫН АЛЫП
КЕТТИ-ҚҰДАЙДЫҢ КЕЛІСІМ САНДЫҒЫ.

ЖӘНЕ ДЕ ҚҰДАЙДЫҢ АЙТҚАН СӨЗІ ОРЫНДАЛДЫ.
ЕЛИДІҢ ЕКІ ҰЛЫ ДА ПІНЕХЕС ТЕ, ОПНИ ДЕ
ҚАЙТЫС БОЛДЫ.





БҮЛ КЕЗДЕ ЕЛИДІҢ КЕЛІНІ, ПІНЕХЕСТІҢ ӘЙЕЛІНІҢ БОСАНАТЫН
УАҚЫТЫ ЖАҚЫНДАП, ЖАМАН ХАБАР ЕСТІП БОСАНДЫ.

ОЛ ҚАТТЫ ӘЛСІРЕП, ӨЛЕЙІН ДЕП ЖАТҚАНДА,
ӘЙЕЛДЕРГЕ БЫЛАЙ ДЕП АЙТТЫ...



ФІЛІСТІРЛЕР ҚҰДАЙДЫҢ КЕЛІСІМ САНДЫҒЫН
ҚОЛҒА ТҮСІРГЕННЕН КЕЙІН ОНЫ ӘБДЕН-ЕЗЕРДЕН
АЗОТ ҚАЛАСЫНА АЛЫП БАРДЫ.



СОЛ ЖЕРДЕ ҚҰДАЙДЫҢ САНДЫҒЫН
ӨЗДЕРІ ТАБЫНАТЫН ТӘҢІР ДАГОННЫҢ
ҒИБАДАТХАНАСЫНА КІРГІЗІП, ОНЫҢ
МҮСІНІНІ ҚАСЫНА ҚОЙДЫ.

КЕЛЕСІ КҮНІ...

ДАГОНҒА НЕ
БОЛЫП ҚАЛДЫ?!

ОЛ ЕТПЕТІНЕН
ЖЕРДЕ ЖАТЫР!
БҮНДАЙДЫ КІМ
ІСТЕДІ ЕКЕН?

ДАГОН
ӨЗ ОРНЫНА
ТҮРҒЫЗУ КЕРЕК.

...ЖӘНЕ
ДЕ ОЛ БІЗДІҢ
ХАЛҚЫМЫЗДЫ
БАҚЫЛАУЫ КЕРЕК,
БІЗ ТЕҢІЗДЕ МЕ, ӘЛДЕ
ЖЕРДЕ ЖҮРСЕК ТЕ
КӨРУІ КЕРЕК.



КЕЛЕСІ КҮНІ...

ДАГОН--ОНЫҢ
ҚОЛДАРЫ СЫНЫП
ЖАТЫР...

ЖӘНЕ ОНЫҢ
БАСЫ... БҮКІЛ
БӨЛІКТЕРІ ЖЕРДЕ
ЖАТЫР.

БІЗ ИСРАИЛДІҢ
ҚҰДАЙЫН
АШУЛАҢДЫРДЫҚ!





ИСРАИЛДІҢ
ТӘҢІРІНІҢ
САНДЫҒЫ БҮЛ
ЖЕРДЕ ҚАЛМАУҒА
ТІІС!

ӨЙТКЕНІ ОЛАРДЫҢ
ТӘҢІРІ БІЗДЕ ДЕ, ӨЗ
ТӘҢІРІМІЗ ДАГОНДЫ ДА
ҚАТТЫ ЖАЗАЛАП
ОТЫР.

КЕЛЕСІ РЕТТЕ
ДАГОННЫҢ БАСЫ
ЕМЕС-- БІЗДІҢ
БАСТАРЫМЫЗ
ҰШАДЫ!

ЖАРАЙДЫ, ОНЫ
ҒАТҚА ЖӨНЕЛТУ
КЕРЕК.



БҮЛ САНДЫҚТЫ БІЗДІҢ
ЖАҚТАН АЛЫП
КЕТІНДЕР-ОЛАРДЫҢ
ҚҰДАЙЫ БІЗДІ
ЖАЗАЛАП ЖАТЫР!

БҮЛ АУРУ--
БҮЛ ШИҚАНДАР
МЕНІ ӨЛТІРІП
ЖАТЫР!

БҮЛ ИСРАИЛ
ҚҰДАЙЫНЫҢ ЖАЗАСЫ--
МЫСЫРЛЫҚТАРҒА
ЖАСАҒАНДАРЫН ЕСТІДІК.

AAAAAA!

БҮЛ ҚАРҒЫС
АТҚЫР НӘРСЕНІ
БҮЛ ЖЕРДЕН АЛЫП
КЕТІНДЕР.



КЕТІНДЕР БҮЛ
ЖЕРДЕН-- СЕНДЕР
БҮНЫМЕН БІЗДІҢ
ҚАЛАМЫЗҒА
КІРМЕЙСІНДЕР!

ИСРАИЛ
ҚҰДАЙЫНЫҢ
ҚАРҒЫСЫНА
ҰШЫРАҒЫМЫЗ
КЕЛМЕЙДІ.



ФІЛИСТІРЛІКТЕРДІҢ БАЛҒЕРЛЕРІ
НЕ ІСТЕУ КЕРЕКТІГІН АЙТТЫ...

БҮЛ САНДЫҚТЫ
ӨЗ МЕКЕНІНЕ ҚАРАЙ
ЖІБЕРІҢІЗДЕР, СОНДА
ШИПА АЛАСЫҢДАР.



"БЕС-БЕС АЛТЫН ШИҚАНДЫ ІСІК ПЕН
АЛТЫН ТЫШҚАН МҮСІНДЕРІН ЖАСАТЫП,
ИСРАИЛДІҢ ҚҰДАЙЫНЫҢ ДАҢҚЫ МЕН
ҰЛЫЛЫҒЫН МОЙЫНДАНДАР."

"БІР ЖАҢА АРБА
ЖАСАТЫП,
ЕШҚАШАН
ЖЕГІЛМЕГЕН ЕКІ
ҚАШАРДЫ ЖЕГІП
ЖІБЕРІҢДЕР."

"ЕГЕР АРБА ИСРАИЛ ЖЕРІНЕ ҚАРАЙ
ӨРЛЕСЕ, ОНДА ОСЫ ЗОР АПАТТЫ БІЗГЕ
ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ӨЗІ ЖІБЕРГЕНІ."

"АЛ ЕГЕР АРБА БАСҚА ЖАҚҚА ҚАРАЙ
БАҒЫТТАЛСА, ОНДА БІЗДІ ЖАЗАЛАҒАН
ОЛ ЕМЕС."



ҚАРАҢДАР --
БҮЛ ЖАРАТҚАН
ИЕНІҢ КЕЛІСІМ
САНДЫҒЫ.

МЕН ӨЗ КӨЗІМЕ
СЕНЕ АЛМАЙ
ТҰРМЫН--ҚҰДАЙ ОНЫ
ӨЗ ХАЛҚЫНА
ҚАЙТАРЫП БЕРДІ.



БҮЛ ҚҰДАЙДЫҢ
КҮШІ-- БІЗ ОНЫ
ДӘРІПТЕУІМІЗ
КЕРЕК.

МЫНА АРБАНЫ ОТЫН
ҮШІН ҚИРАТЫҢДАР,
ҚҰДАЙҒА АРНАП
МЫНА ҚАШАРЛАРДЫ
ҚҰРБАНДЫҚҚА
ШАЛАМЫЗ.



МЫНАҒАН
ҚАРАҢДАР--
АЛТЫННАН
ЖАСАЛҒАН
СЫЙ-ТАРТУЛАР.

ИӘ, ӘР ҚАЙСЫСЫ
БЕС-БЕСТЕН--БЕС
ФИЛІСТІРДІҢ
ҚАЛАЛАРЫНЫҢ КІНӘСІ
ҮШІН ҚҰДАЙҒА АРНАЛҒАН
ҚҰРБАНДЫҚТАР.



AAAAAA!

СОЛ ҚАЛАНЫҢ ЖЕТПІС АДАМЫ МЕРТ БОЛДЫ...
СЕБЕБІ ОЛАР ҚҰДАЙДЫҢ КЕЛІСІМ
САНДЫҒЫНЫҢ ІШІНЕ КІРІП ҚАРАДЫ.



СОНДА КИРИЯТ-ИГАРЫМНЫҢ АДАМДАРЫ КЕЛІП, ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ КЕЛІСІМ
САНДЫҒЫН ӨЗДЕРІНЕ АЛЫП КЕТТІ. ЕЛАЗАР ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ
БАҒЫШТАЛЫП, КЕЛІСІМ САНДЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТШІСІ ЕТІП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

КЕЛІСІМ САНДЫҒЫ ҚИРИЯТ-ИҒАРЫМДА ҰЗАҚ
УАҚЫТҚА, ТІПТІ ЖИЫРМА ЖЫЛҒА ҚАЛДЫ. АДАМДАР
ҚҰДАЙҒА ЖАҚЫНДАЙ БАСТАДЫ.



БІЗ
ЖАУЛАРЫМЫЗДЫҢ
ҚОЛЫНДА
ҚИНАЛЫП КЕТТІК.

БІЗ ҚҰДАЙДАН
БАС ТАРТҚАНЫМЫЗ
ҮШІН ОЛ БІЗДІ
ТАСТАП КЕТТІ.



ЕГЕР СЕНДЕР ЖАЛҒАН
ТӘҢІРЛЕРДЕН БАС ТАРТЫП,
ШЫНАЙЫ ҚҰДАЙҒА
СЫЫНҒЫЛАРЫҢ КЕЛСЕ, ОНДА
ӨЗДЕРІНДІ ЖАРАТҚАН ИЕГЕ
АРНАҢДАР.

ӨЗІДЕ СОЛАЙ
ІСТЕЙМІЗ! БІЗ ТЕК
ҚАНА ИЕҒОВАҒА
ТАБЫНАТЫН
БОЛАМЫЗ.

БАРЛЫҚТАРЫН
МИСАПҒА МЕНІМЕН БІРГЕ
ЖИНАЛЫҢДАР.



ҚҰДАЙ ХАЛҚЫ ОРАЗА ҰСТАП,
КҮНӘЛАРЫ ҮШІН КЕШІРІМ
СҰРАДЫ.

ОЛАР ҚҰДАЙДЫҢ НУСҚАУЫ БОЙЫНША
ОҒАН ТАБИНА БАСТАДЫ.



ФИЛІСТІРЛІКТЕР
БІРГЕ ЖИНАЛЫПТЫ.

КЕЛЕ
БЕРСІН.





SUPERBIBLE.TV